

**2009 жылғы 04 желтоқсандағы "2010 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 674 қаулыға толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 мамырдағы N 57 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 01 маусымда N 5-19-120 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 1-1205 хаты )

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011.04.15 N 1-1205 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармақшасына, 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесіне сәйкес, жұмыс берушілерден 2010 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды құру жөнінде қосымша өтінімдердің келіп түсуіне байланысты, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 04 желтоқсандағы «2010 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» ( нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 5-19-109 нөмірімен тіркеліп, 2010 жылғы 2 ақпанда «ЛЗ Сегодня» газетінің санында жарияланған) № 674 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-қосымшада «2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдар тізбесі, түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстардың **н а қ т ы ш а р т т а р ы** » :

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес 43-тармақ: «4. Медико -әлеуметтік мекемедегі қамқорлықтағыларын күту жөнінде көмек көрсету» 4-тармақшамен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н** ;

2) осы қаулының қосымшасына сәйкес 53, 54-тармақтармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК